

*Утверждено  
методиком  
Д.Б.М.*

06.12.2024 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің  
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы  
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Балажан» б/балабақшасы

**Топтар:** «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

**Жоспар қандай кезеңге жасалды:** 09.12 – 13.12. 2024 жыл (2-апта)

| Күн тәртібі                             | Дүйсенбі<br>09.12   | Сейсенбі<br>10.12 | Сәрсенбі<br>11.12  | Бейсенбі<br>12.12 | Жұма<br>13.12 |
|---|---|-------------------|--|-------------------|---------------|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық    | <b>Апта дәйексөзі «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»</b><br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын тандау.<br>Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ерке сылқым» күйі<br><a href="https://agugai.kz/music/altyn-dombyra-yerke-sylkym#">https://agugai.kz/music/altyn-dombyra-yerke-sylkym#</a> <b>«Күй күмбірі» күй тыңдау</b> |                   |  |                   |               |
| «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті | <b><u>Мектепалды тобы</u></b><br>Тақырыбы:<br>«Мен қолымды жуамын»<br>Міндеттері:<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету;<br>сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру;  |                   | <b><u>Мектепалды тобы</u></b><br>Тақырыбы:<br>«Тісіңді тазала»<br>Міндеттері:<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету;<br>сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді |                   |               |

|  |   |  |   |  |  |
|--|---|--|---|--|--|
|  | <p>диалогке қатысуға үйрету.<br/> <b>Жаңа сөздерді есте сақтайық!</b><br/> Жу, жуамын, кір, таза<br/> Балалар, ас ішір алдында бір-бірімізге қандай тілек айтамыз?<br/> <b>Тыңда, қайтала</b><br/> Ас болсын!<br/> Рақмет!<br/> Ас ішіп болғаннан кейін не істеу керек?<br/> Арман, қолыңды жу.<br/> <b>Менімен бірге қайтала</b><br/> Мен қолымды жуамын<br/> Сен қолыңды жуасың<br/> Ол қолын жуады</p> <p><b>Суретпен жұмыс</b><br/> Менің қолым кір<br/> Мен қолымды жуамын</p> <p>Менің қолым таза<br/> Мен қолымды жумаймын.</p> <p><b>Сұраққа жауап бер.</b><br/> Сен қолыңды жуасың ба?<br/> Ия, мен қолымды жуамын.<br/> Жоқ, мен қолымды жумаймын.</p> <p><b>Кел, жаттайық!</b><br/> Қолыңды жу, қолыңды жу,<br/> Қолыңды жу, балақай!<br/> Оң қол, сол қол,<br/> Тап-таза, алақай! (Ә.Шапағат)</p> <p><b>Қимылды әрекет</b><br/> <b>Рефлексия:</b><br/> Балалардан не үйренгенін сұрау.<br/> <b>Ересек топ</b></p> |  | <p>дағдыландыру;<br/> диалогке қатысуға үйрету.<br/> <b>Жаңа сөздерді есте сақтайық!</b><br/> Тіс, тазала, тазалаймын<br/> Балалар, таңертең тұрғаннан кейін не істеу керек?<br/> <b>Тыңда, қайтала</b><br/> Алмас, тісіңді тазала!<br/> Ия, тазалаймын</p> <p><b>Есте сақта!</b><br/> Мен тазалаймын<br/> Сен тазалайсың<br/> Ол тазалайды</p> <p><b>Үлгі бойынша сөйлес</b><br/> Сен не істейсің?<br/> Мен қолымды жуамын<br/> Сен не істейсің?<br/> Мен тісімді тазалаймын</p> <p><b>Сұраққа жауап бер</b><br/> Сен тісіңді тазалайсың ба?<br/> Ия, мен тісімді тазалаймын<br/> Жоқ, мен тісімді тазаламаймын</p> <p><b>Суретпен жұмыс</b><br/> Сен не істейсің?<br/> <b>Қимылды әрекет</b><br/> <b>Қорытынды:</b> Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.</p> |  |  |
|--|---|--|---|--|--|

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  | <p>Тақырыбы:<br/>«Оң қолымда бес саусақ»<br/>Міндеттері:<br/>қазақ тілінің төл дыбыстарын<br/>дұрыс айту дағдыларын<br/>қалыптастыру;<br/>қарапайым сұрақтарға жауап<br/>беруді үйрету;<br/>қарапайым сөйлемдер құра<br/>білуге үйрету.<br/>Балалар, қазір қай мезгіл?<br/><b>Тыңда, қайтала</b><br/>Бас. Оң қол. Сол қол. Оң аяқ. Сол<br/>аяқ<br/><b>Үлгі бойынша айт.</b><br/>Мынау – менің оң қолым. Мынау<br/>– менің сол қолым. Мынау –<br/>менің оң аяғым. Мынау – менің<br/>сол аяғым.<br/><b>Есте сақтайық!</b><br/>Қол. Саусақ. Алақан. Оң. Сол<br/><b>Үлгі бойынша сөйлес.</b><br/>Влад, мынау қай қол?<br/>Оң қол.<br/>Мынау қай қол?<br/>Сол қол.<br/>Оң қолыңда неше саусақ бар?<br/>Бес саусақ.<br/>Сол қолыңда неше саусақ бар?<br/>Бес саусақ.<br/><b>Жаттап ал.</b><br/>Оң қолымда бес саусақ.<br/>Сол қолымда бес саусақ.<br/>Алақанды ашамыз.<br/>Бесті беске қосамыз.<br/>Қанша болды барлығы?<br/>Кел, санайық бәріміз!</p> |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|

|  |   |  |   |  |  |  |
|--|---|--|---|--|--|--|
|  | 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.<br><b>Қимылды әрекет</b><br><b>Қорытынды:</b> Рақмет айту.<br>Мадақтау. Қоштасу.   |  |   |  |  |  |
| Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау) | <b><u>Ересек топ</u></b><br><br>«Қай асық жетпей тұр?»<br><b>ойыны</b><br>Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады<br><b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</b><br><b>ұлттық ойын өткізу</b><br><b><u>Мектепалды топ</u></b><br>Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап,<br>Болам елдің қорғаны.<br><br><b>«Республикам – мақтанышым»</b><br><b>ертеңгілігі</b> |  | <b><u>Ересек топ</u></b><br><b>«Бұл мен» ойыны</b><br>Бұл оң қол.<br>Шапалақ-шапалақ.<br>Бұл сол қол.<br>Шапалақ-шапалақ.<br>Бұл оң аяқ.<br>Топ-топ, топ-топ<br>Бұл сол аяқ.<br>Топ-топ, топ-топ.<br><b><u>Мектепалды топ</u></b><br>Елтаңбасы елімнің<br>Неткен әйбат, әдемі.<br>Тұнығындай көңілді,<br>Ортада аспан әлемі.<br>Құт-береке шаңырақ,<br>Орын алған ол төрден.<br>Қанатты қос арғымақ<br>Екі жақтан көмкерген.<br><br><b>«Республикам – мақтанышым» ертеңгілігі</b> |  |  |  |
|  |   | <b>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні сөзін жаттау («Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша)</b> |   |  |  |  |